

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1998 жылғы 14 мамырдағы "Есірткі, психотроптық, күшті әсер ететін және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы" N 3 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының Қаулысы 1999 жылғы 30 сәуір N 2.

Есірткі немесе психотроптық заттарды заңсыз тасымалдау үшін жауапкершілікті белгілейтін заңдарды қолданудың бірегейлігін қамтамасыз ету, осы санаттағы істердің заңды шешілуі сапасын көтеру мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1998 жылғы 14 мамырдағы "Есірткі, психотроптық, күшті әсер ететін және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы" N 3 P98003s_ қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1. 7-тармақ мынадай редакцияда берілсін: "Есірткі, психотроптық заттарды, сондай-ақ прекурсорларды заңсыз тасымалдау ҚР "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Z980279_ Заңының 1-бап 12-тармағына сәйкес оларды тасымалдау тәсіліне қарамастан орын ауыстыруы жөніндегі кез келген қасақана жасалатын әрекеттер - оларды заңсыз тасымалдау болып табылатынын түсіндіру қажет.

Тасымалдауды есірткі, психотроптық заттарды, прекурсорларды заңсыз пайдаланып жүрген адамдар, сондай-ақ оның тапсырмасы бойынша басқа да адамдар жүзеге асыра алады. Аталған заттарды орнын ауыстыруды басқаларға тапсырған адам тасымалдауды ұйымдастырушы, ал егер, тасымалдауды қылмыстық заң бойынша жауапкершілікке тартылмайтын (мысалы, есі дұрыс емес, қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін жасы толмаған, немесе заттың сипаты туралы хабарсыз) адамдарға тапсырса, онда тікелей орындаушы ретінде жауапқа тартылады.

Көлікпен келе жатқан адамның есірткі, психотроптық заттарды заңсыз тасымалдауын заңсыз сақтаудан ажырату үшін басшылыққа айыпталушының пиғылын алу керек. Мұндайда табылған есірткі, психотроптық заттардың мөлшері, көлікпен жүру мақсаты, көлік түрі және істің басқа да айыпталушының пиғылы оларды заңсыз тасымалдау үшін немесе сақтау үшін бағытталғаны туралы тұжырым жасауға мүмкіндік беретін мән-жайларды ескеру керек.

Есірткі немесе психотроптық заттарды, аспаптарды немесе оларды жасау үшін қолданылатын құралдарды, прекурсорларды бір жаққа заңсыз жіберу деп оларды кез

келген байланыс құралымен, арнайы адам арқылы сонымен қатар құстар мен жануарларды пайдалануды түсіну керек".

2. 11-тармақтың бірінші абзацы мынадай сөйлеммен толықтырылсын:

"Аталған заттардың немесе құралдардың көп емес, көп және аса көп мөлшерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 наурыздағы " Қадағалауға жататын есірткі, психотроптық заттар және прекурсорлар туралы" N 186 P980186_ қаулысымен бекітілген және 1998 жылғы 29 сәуірден бастап

күшіне енген Тізімге және Жиынтық кестесіне сәйкес, ал егер қылмыс аталған уақытқа дейін жасалған болса - КССР Денсаулық министрлігі жанындағы Есірткі заттарды қадағалау жөніндегі тұрақты комитетінің 1990 жылғы 16 желтоқсандағы N 16 Қорытындысы негізінде анықтаған жөн".

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының судьясы,

Пленум хатшысы

Оқығандар:

Омарбекова А.

Қасымбеков Б.